

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 9 қарашадағы № 798 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қарашада № 3234 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы №4-3/177 (нормативтік құқықтық кесімдердің тіркеу тізілімінде №11094 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған қаланың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімдерді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. "Тараз қаласы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулының Тараз қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Жақсылық Мырзабекұлы Сапаралиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Календеров

Тараз қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 09 қарашадағы
№ 798 қаулысына қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының субсидияланатын әрбір түрі бойынша субсидия алуға қаланың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін тізімге қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері

	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
1	Қорғалған топырақтағы көкөніс (фермерлік үлгідегі жылыжай)	15.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
2	Қорғалған топырақтағы көкөніс (өнеркәсіптік үлгідегі жылыжай)	15.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
3	Дәндік жүгері	15.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
4	Көпжылдық шөп (таза егіс)	15.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
5	Күздік бидай	15.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
6	Жаздық арпа	15.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл
7	Ашық топырақтағы көкөніс	15.11.2016 жыл	01.12.2016 жыл